

Батыс Қазақстан облысы Бәйтерек ауданы Янайкин ауылдық округі Янайкин, Скворкин және Богатск ауылдарының көшелерін қайта атау туралы

Батыс Қазақстан облысы Бәйтерек ауданы Янайкин ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 27 маусымдағы № 11 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 28 маусымда № 28635 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2- тармағына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабы 4) тармақшасына сәйкес, Янайкин, Скворкин және Богатск ауылдары тұрғындарының пікірін ескере отырып, Батыс Қазақстан облыстық ономастика комиссиясының 2021 жылғы 28 сәуірдегі қорытындысы негізінде **ШЕШТІМ:**

1. Батыс Қазақстан облысы Бәйтерек ауданы Янайкин ауылдық округінің Янайкин ауылындағы көшелері:

- Студенческая көшесін Құрманғазы көшесіне;
- Садовая көшесін Мәншүк Мәметова көшесіне;
- Набережная көшесін Жайық көшесіне;
- Луговая көшесін Бірлік көшесіне;
- Парковая көшесін Бауыржан Момышұлы көшесіне;
- Школьная көшесін Талғат Бигелдинов көшесіне;
- Лесная көшесін Теректі көшесіне қайта аталсын.

2. Батыс Қазақстан облысы Бәйтерек ауданы Янайкин ауылдық округінің Скворкин ауылындағы көшелері:

- Центральная көшесі Әлия Молдағұлова көшесіне;
- Степная көшесін Болашақ көшесіне қайта аталсын.

3. Батыс Қазақстан облысы Бәйтерек ауданы Янайкин ауылдық округінің Богатск ауылындағы көшелері:

- Полтавская көшесін Саржайлау көшесіне;
- Степная көшесін Шағала көшесіне;
- Красная көшесін Ақсу көшесіне қайта аталсын.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК